

поведение. В этой связи Февр вводит понятие «духовного оснащения» (outillage mental). В своем произведении Февр рассуждает: «Для того чтобы в сознании людей XVI века пустил корни атеизм, рассуждает Февр, должно было существенным образом измениться то мировосприятие, которое перешло к ним по наследству от Средних веков. Между тем изучение индивидуального творчества мыслителей и поэтов французского Возрождения и коллективной психологии их современников приводит меня к противоположному заключению. Ибо ни в словаре людей XVI века, ни в их сознании, находившем в языке опору и выражение, еще не существовало того материала, с помощью которого они были бы в состоянии создать новую картину мира».

Так в чем же коренятся особенности поведения и мышления людей того времени? Февр склонен искать ответ в изучении образа жизни эпохи, который, по его убеждению, был по сути своей средневековым. Каждая культура представляет собой ансамбль, компоненты которого, при всех возможных противоречиях между ними, тем не менее соотнесены друг с другом, - таков центральный тезис Февра. Научное рационалистическое мировоззрение - основа последовательного атеизма и вольномыслия - нуждается в таких интеллектуальных опорах и предпосылках, каких не было и еще не могло быть в Средние века.

Слово менталитет считается непереводаемым на другие языки. Его действительно трудно перевести однозначно. Это и «умонастроение», и «мыслительные установки», и «коллективное неосознанное», и «воображение», и «склад ума».[3] Вероятно понятие «видение мира» ближе передает тот смысл, который Блок и Февр вкладывали в этот термин, когда применяли его к ментальности людей минувших эпох.

Для выявления ментальности ученому приходится не верить непосредственно выраженным заявлениям людей, оставивших те или иные тексты и другие памятники, но докапываться до более потаенного пласта их сознания, пласта, который может быть обнаружен в этих источниках скорее как бы против их намерений и воли. И заслуга основателей журнала «Анналы» в том, что прежде всего они ввели в познание истории такое понятие как «ментальность» или «коллективное неосознанное».

Введение понятия «ментальности» побуждает во многом по - новому подойти к изучению идей, доктрин, уже изученных эстетических и иных теорий. Мыслителей и ученых историки философии и науки обычно исследуют как выключенных из собственных исторически данных времени и пространства, обладающих одной лишь «чистой мыслью», свободной от всего того, что присуще человеку. Но именно изучение ментальности, присущей определенной среде и эпохе, - необходимое условие понимания человеческого творчества.

Литература:

1. Февр Л. Проблема неверия в XVI веке: религия Рабле. – М., 1942. - 344 с.
2. Там же.
3. Гуревич А. Исторический синтез и школа «Анналов». – М., 1993. - 328 с.

**Асылбекқызы К.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ – 41 тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші – филол.ғ.д., профессор Әділова А.С.*)

### **КӨРКЕМ ЖӘНЕ ПУБЛИЦИСТИКА МӘТІНДЕРІНДЕГІ КӨРШІ ЕЛ ОБРАЗЫ**

Адамның дүниені танып-біліп, түйсінуі, басқаға танытуы көркем мәтіндер мен публицистика мәтіндерінде жиі кездеседі.

Түрлі функционалдық стильдерге жататын медиамәтін мен көркем мәтіннің өзіндік ерекшелігі мен ортақ тұстары көптеген зерттеушілер еңбегіне нысан болғаны белгілі. Бұл мәтіндердің екеуі де адресат санасына, ойына, әлемді қабылдауына әсер етеді, медиамәтіндегі ақпараттың жеделдігі, нақтылығы, ашық бағалаушылығы, тез әрі көп таралатыны ол әсер-ықпалдың да шұғылдығына, оң немесе теріс эмоционалдылықтың ашықтығына, бір жақты бағалауға қызмет етеді, яғни адресат бірден пікір түйіп, қорытынды жасайды. Ал көркем әдебиет мәтіндерінен алатын әсер-ықпал ондай шұғыл емес, біртіндеп, бүкіл мәтінді оқу бойында түрлі сезім күйлерінің алмасуы арқылы оның ойлау жүйесінде, айналаны, адамдарды қабылдауында, санасында өзгерістер қалыптаса бастайды, яғни оның бойында рухани құндылықтар орныға бастайды.

Осымен байланысты әлемнің тілдік бейнесін түсінуге, зерделеуге жетелейтін, оның бір бөлшегі танылатын концепт тілдің танымдық мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы ғылыми лингвистикалық

категория ретінде белгілі. Әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі болатын концептілер адам танымында ерекше қызмет атқарады. Негізінен осы күнге дейін концептілер ретінде адамзат өмірінде үлкен рөл атқаратын ұғымдар алынады, яғни, шындық өмірдегі белгілі бір мәдениет үшін құнды әрі көкей кесті мәні бар мәдени атаулар ғана концепт дәрежесінде танылады. Кең мағынада концепт - жалпы әлем туралы білім жүйесінің (әлемнің концептуалды бейнесінің) бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні. В.А. Маслованың анықтауынша, концепт ұғымы эмоционалды, экспрессивтік, бағалаушылық мәнімен айрықша танылады [1]. Концептіге берілген өзге анықтамалар да бар. Концепт - ментальдік және психикалық ресурстарды түсіндіретін және адамдардың білімі мен тәжірибесін бейнелейтін термин. Концепт - оперативті есте сақтау бірлігі, әлемнің адам психикасында көрініс табуы. Концептілер - сөз және экстралингвистикалық шындықтың арасындағы дәнекерлер. Бұл оның келесі белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді: - сөз арқылы вербалданатын және өрістік құрылымы бар адамзат көзқарасындағы өз тәжірибесінің минималды бірлігі; - білімді сақтаудың, өңдеудің, айтып жеткізудің негізгі бірліктері; - концепт жылжымалы шекара мен нақты функцияларға ие; - концепт әлеуметтік, оның ассоциативті өрісі оның прагматикасын көрсетеді; - бұл мәдениеттің негізгі ұяшығы. Сонымен, концепт-адамзаттың әлем бейнесі туралы жинақталған түсініктерін беретін тірек ұғымдар деп түсінуге болады.

Концептілер сан алуан мәтіндерде түрлі тілдік бірліктер арқылы тура және жанама түрде көрініс табады.

Қазақ елі геосаяси жағынан ежелден әр қилы алып мемлекеттермен қарым-қатынаста болып, сан алуан байланыстар орнатып, олармен тығыз байланыста болғаны, осы қарым-қатынастарда көршіге тән барлық ұстанымдарды басшылыққа алатыны мәлім.

Қазіргі жаһандану үдерісі кезінде де еліміз алып мемлекеттермен көп векторлы саясат ұстанып, көрші болып, тиімді экономикалық қарым-қатынас орнатып, мәдени байланыстарын нығайта түсуде. Бұл орайда Қазақстанның шығыстағы және солтүстіктегі көршілері Қытай мен Ресеймен байланыстары, олардың әсер-ықпалы туралы ақпарат публицистика, яғни газет мәтіндерінде үнемі беріліп отырады. Әлемнің аса ірі мемлекеттері қатарына кіретін бұл елдер көптеген мақалаларда осы «көрші ел» бейтарап бояулы қолданысымен аталады. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Дәурен Омаровтың көркем-публицистикалық жанрда жазылған кітабына рецензияда журналист С. Мәмет Қытайды «көрші ел» деп көрсетсе (02.02.16), «Айқын» газетінде де осы тіркес жұмсалған: «Қытай әлемді шарпыған қиындықтан шығудың сан түрлі амалын ойластырып жатыр. Соның бірі - шалғайдағы елдімекендерде интернет дүкендерді дамыту. Осылайша *көрші елдің* көсемдері ауылдарда 100 мың интернет дүкен құруды қолға алмақ» (24.02.16). «Түркістан» газетінде белгілі медиамагнат А. Байтасовпен сұхбатта Қазақстанмен шекаралас екінші ел Ресей де дәл осы жалпы есіммен аталған: «...Халқымыздың саны, медиа алаңы Ресейден әлдеқайда аз болғанымен, ел аумағын ақпаратпен қамту мүмкіндігіміз көршімізден кем емес. ...Қазақстан мен Ресейдің ақпарат құралдарын салыстырып, ел тұрғындарына қайсының ықпалы жоғары екенін анықтау керек болса, көрсеткіштер көршінің пайдасына шешіліп кете ме деп қорқамын» (18.02.16).

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» «көрші» сөзінің «1. Үйлері қатарлас, есіктес тұратын адам, қоңсы. 2. Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі объектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы» [2, 418] деген анықтамасының екінші бөлігі «Қазақ тілінің сөздігінде» [3, 329] «бөлме, мемлекет» сөздерімен толықтырылған. Жоғарыдағы мысалдарда осы дефиницияда көрсетілген белгілер өзектенген.

Лексикографиялық деректер мемлекет сөзін «Қоғамды басқаратын, оның экономикасы мен әлеуметтік құрылымын қорғайтын негізгі саяси-қоғамдық ұйым» [2, 591], «Үкімет басшылығымен халықты ұйымдастырушы, ұлттық, ауқымдық саяси-қоғамдық бірлік» [3, 460] деп анықтайды. Ал осы сөздің терминдік мағынасы түрлі сөздіктерде мемлекеттің зерттелу сипатына байланысты әрқилы түсіндірілген. Мысалы, «Саяси түсіндірме сөздігі» дефиниция анықтамасын атай: «Мемлекет – билікті ұйымдастыру түрі, қоғамның саяси жүйесінің негізгі әлеуметтік институты. Мемлекет қоғам көлеміне тең келетін қауымдастық қалпына еніп, жеке аумаққа орналасып, сол қоғамның бүкіл мүшелерін қамтиды. Өкілетті орган бола отырып, мемлекет азаматтық қоғам – халық, ұлт, тап, әлеуметтік жіктер, жекелеген тұлғалардың мүдделерін жүзеге асырушы құрал, қоғамдық қатынастарды реттеудегі белсенді рөлімен ерекшеленеді» [4, 367]. Ал «Философиялық сөздікте»: «Мемлекет – мемлекеттің негізгі функцияларын ішкі және сыртқы деп бөлу қабылданған. Ішкі функцияларына өмір сүріп отырған өндіріс тәсілін, экономикалық және әлеуметтік жүйені қорғау, таптық қарсыластарды жаншу (қарама-қарсы мүдделері бар таптарға бөлінген қоғамдарда), экономиканы басқару немесе шаруашылық қызметті реттеу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау және

тәртіпті сақтау, әлеуметтік қатынастарды реттеу, мәдени-тәрбие, идеологиялық қызмет және т.б. жатады» [5, 267] деп анықталған. «Оксфорд әлеуметтану сөздігінде» мемлекет - state сөзіне жоғарыдағыға ұқсас анықтамалар бере келіп, мынадай ерекше белгілері атап көрсетіледі «...Сондықтан қоғам бірөңкей құрылым емес. Ол қайта ресурстарды пайдалану мен мемлекет саясатының бағыты үшін әртүрлі мүдде арасында болып жататын саяси жанжалдардың әрекет өрісі мен параметрлерін бейнелейтін институттар жиынтығы. Бұлар көбінесе – сайланған саясаткерлер мен сайланбайтын мемлекеттік шенеуніктердің немесе мемлекеттік аппараттың әралуан салаларындағы саясаткерлердің арасындағы саясат пен ресурстар жөніндегі жанжалдар. ... [6, 562].

«Көрші ел» тіркесінің екінші сыңары «ел» сөзінің анықтамасы бірнеше мағынаны қамтиды: 1. Жұрт, халық, қауым. 2. Туған жер, өскен орта. 3. Негізі, шыққан тегі; заты, руы. 4. Отан, туып-өскен жер. 5. Ауысп. Туыс, дос-жар. [3, 169].

Саяси тұрғыдан «ел» сөзіне берілген терминдік анықтама қосымша ретінде мынадай түсінік берілген: «ЕЛ – 1) қандай да бір елдің әртүрлі таптардың, әлеуметтік жіктерден, топтардан, этникалық және өзге де қауымдастықтан құралған, тарихи тағдыры бір, өмір салты ортақ бүкіл халқы; 2) Мемлекеттің жалпы жалпақ атауы [4, 209].

Келтірілген дефиницияларда мемлекет және ел сөздерінің түсінігінде түрлі белгілер жинақталған. Оларда мемлекеттің, елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық сипаты қамтылған және оның ең басты белгілерінің бірі – халық, қауым екені нақтыланады. Сондықтан публицистикалық және көркем мәтіндерде көрші мемлекеттер образын беруде түрлі семалар уәжге алынғаны байқалады.

Мәселен, ЕҚ газетінде жарияланған «Ұлт үшін туған ұл» (11.02.16); «Заман қайда бет алды?» (12.02.16); «Қытайдағы қазақ қызы» (13.02.16) мақалаларының тақырыптары айтып тұрғандай, түрлі мәселелерді көтерген. Алайда осы медиамәтіндерде адресанттың көрші елді бағалауы байқалады және оның мақсаты өз кейіпкерінің ерекшелігін көрсету. Алғашқы мақалада көрші елді «*миллиард* халқы бар ел» деп перифразамен атаса, кейінгі абзацтарда сол ел тарихындағы саяси терминге айналған «мәдени төңкеріс», «хунвейвиндер» қолданыстары арқылы кейіпкер өмір сүрген кезеңнің жалпы ахуалын сипаттайды. Прецедентті атауға айналған «мәдени төңкеріс» номинативі және оның перифериясын көрсететін «басына қағаз қалпақ кигізу» бірден Қытай мемлекетін еске түсіреді. Бұл қолданыстардың жағымсыз бояуын автор уәжді пайдаланған.

Осы көрші ел үшінші мақалада орыс тілінен калька арқылы ауысқан, жалпыға белгілі «Аспанастаны елі» деп аталған. Автордың субъективті көзқарасы «Қандасымыздың құмырысқаның илеуіндей құжынаған халқы бар Қытайда қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әріптестерінен оқ бойы оза шығуы – күллі қазақстандықтар үшін үлкен мақтаныш және абырой» сөйлемінде көрінген. Екі автор да бұл мемлекеттің халқы көптігін «көрші ел» концептісінің өзегі - алыптықты көрсететін дифференциалдық сема ретінде қолданған, тек біріншісінде бейтарап бояулы бірлік болса, екінші мысалда субъективтілік ашық.

Екінші мақалада Қытай «әлемнің ең алып елі», ал Ресей «ТМД көлеміндегі ең ірі ел» деп бағаланған, бұл да автор прагматикасынан туындаған, яғни оның жағымсыз көзқарасы жанама түрде берілген, себебі Ресей де әлемдегі алып мемлекеттер қатарына жататыны ресми деректерден белгілі.

Мына мысалда көрші ел экономикалық тұрғыдан термин сөзбен бағаланған: «Қытай – Ресей үшін үлкен нарық»

Жоғарыда аталған кітапқа «Жаһанға жайылған жұрт» деген ат қойылған. Бұл қолданысқа уәж ретінде оның алыптығы алынған. Шығыстағы көрші ел эмоционалды, экспрессивті тілдік бірліктермен аталған, оларда елдің дифференциалды белгілері ретінде мемлекеттің үлкендігі, халқының діл-болмысындағы ерекшеліктер, қоғамдық-саяси өзгерістер, қазіргі экономикалық жағдай алынғаны байқалады: «Дидары күліп тұратын жұрттың, қатпары көп халықтың...; Қытай халқының қазір әлемді өзіне қаратуы...; Дүниені «жаулап» алған Қытай өнімдері...; Елін ұшпаққа шығарған ұлт көсемдерінің...; миллиард ішіндегі... .

Оқырмандар санасына ашық әсер ететін медиамәтіндерде көрші ел образы осылай берілсе, көркем мәтіндерде бұл елдер туралы таным эмоционалды, экспрессивті түрде беріледі. Мәселен, Ж.Жақыпбаев Ресейді былай сипаттайды:

Қос ғасыр оқып, түсініп болдық па мұны?

Қараулыққа төзбейтін, құлдыққа бірі –

Ақынның жоғын жоқтаған, жоқтығын Оның

Өрдегі көсем, қайыңды ел сондықтан ұлы (15).

Өткендей болды біржола мұнды әннің шағы,  
Кіргендей болды мәулен бас шыңдардың сәні.  
Орыстық ұлы Ордадан осында келген  
Шәйірдi қайран қалдырды ғұндардың шалы (10).

Ақынның «Творчество үйі – 87. Тамыз» деп аталатын өлеңінен алынған үзіндіде Ресейдің символы болып саналатын қайыңды ел тіркесі арқылы, өрдегі көсем, ұлы ел қолданыстары арқылы оның географиялық жағдайы, өлең жазылған тұстағы саяси жағдайы әсерлі, қысқа, бейнелі көрсетілген. Автордың көрші елге үлкен құрметі, жағымды бағалауы айқын байқалады. «Ақынның жоғын жоқтаған, жоқтығын Оның Өрдегі көсем, қайыңды ел сондықтан ұлы» жолы «Поэт в России больше, чем поэт» прецедентті айтылымын еске түсіреді. Ал «Ғұндардың жүрегінен» алынған шумақта осы мағыналармен қоса, астарлы ақпар да қамтылған, яғни кезіндегі Алтын Ордамен байланыс меңзеледі.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С. Сматаев «Қош бол, Мәскеу!» деген өлеңінде былай дейді:

Қош бол, Мәскеу!  
... Өзінде өткен от жастығым,  
Арбатым!  
Көк түріктің иеленген арба-атын.  
Ал бүгінде сол түріктің әулетін  
Жатсынасың,  
Тіреп әкеп жарға тым.

Бұл мәтінде қаламгердің екіұдай пікірі байқалады.

Жалпы, аталған көрші елдер сипаты ауызекі сөйлеу тілінде, жыраулар поэзиясында ертеден бар екені мәлім. Олардың арасында түрлі жалпы есімдер де, жалқы есімдер де кездеседі. Мысалы, сары орыс, кара қытай, Иван, Наташа, мәтүшке. Бұлардың бәрі түрлі коннотацияға ие, қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты бір кезеңдерде белсенді қолданыста болса, енді бірде қолданысы азаяды.

Жалпы алғанда, көрші елдердің сипатталуы үнемі кездесетіндіктен және оларға көзқарас қазақ халқының өзіндік мінез-құлқын, психологиясын, танымындағы өзгерістер динамикасын танытатындықтан, тілдік тұрғыда қарастырылуы өзекті деген пікірдеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. -М.: Наследие, 1997.-268 с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 616 б.
5. Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
6. Оксфорд сөздігі. Әлеуметтану – Алматы, ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2002, - 632 б.

**Ахметова Ж.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, студент  
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Манабаева А.Ш.*)

## **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Экология проблемасы біздің елімізде күннен күнге болашақты қобалжытатын күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Табиғатты қорғау да заманның өзекті мәселесі. Табиғатты қорғау жеке тұлғалар мен қоғамның міндеті болып келген, ал экологияның оған қатысы жоқ еді.

Қарағанды облысы – Орталық Қазақстандағы экологиялық жағынан ең ластанған, өнеркәсіптік өндіріс орындары көп шоғырланған ірі өнеркәсіп орталығы. Бұл өңірдегі өндіргіш күштердің даму барысы көптеген жылдардан бері экологиялық зардаптар ескерілмей іске асырылды. Соның салдарынан облыстың атмосфералық ауасы бұзылды. Мәселен, тұрақты көздерден атмосфераға тарайтын ластанған заттар жылына бір миллион тоннадан асады. Ал бұл жалпы республикадағы барлық қалдықтардың үштен бірі деген сөз. Негізгі ластаушы көздер Теміртауда «Испат-Кармет» АТАҚ (жылына 361,5 мың тонна), Жезқазғанда «Қазақмыс» АҚ (жылына 138,4 мың тонна), Балқашта «Балқашмыс» АҚ (жылына 299,4 мың тонна, сол сияқты Қарағандыдағы энергетикалық кәсіпорындардың өзі жылына 96,2 мың тонна ластандыратын қоспа таратады.